

**«6D020900 –Шығыстану» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін Нуржаева Алина Маратқызының «Жаһандану
жағдайында «қытай бірегейлігін» қалыптастырудың ерекшеліктері:
этнополитика және әлеуметтік тәжірибе» атты докторлық
диссертациясына
АҢДАТПА**

Жаһандану мен ақпараттық қоғам жағдайында бірегейлік дағдарысы өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Жаһандану процестерінен туындайтын ұлттық бірегейлікті жоғалту қаупіне қарсы Басқалардың (көбінесе Батыстың) мәдениеті басым болуымен күресу үшін, зиялы қауым әлеуметтік-мәдени реформада ұлтшылдықты шоғырландыратын теориялар жиынтығын басшылыққа алады. Сайып келгенде, бұл ұлтшылдық позицияны қалыптастырады, себебі олар Батысқа еліктегісі келмейді, керісінше өз мәдениетін сақтауға немесе қалпына келтіруге тырыса отырып, этникалық топтар жиынтығынан тұратын ұлттық мемлекет ішіндегі бірлікті сақтауға және нығайтуға ұмтылады. Мемлекеттің өмір сүруі мен дамуы ондағы барлық этникалық топ өкілдерінің өздерін сол елге жатқызуы мен адалдығына байланысты, ал адамдардың өз елім деп тану дәрежесі өмір сүру деңгейі, қауіпсіздік және дамуға қатысты халықтың қажеттіліктерін мемлекет қаншалықты қанағаттандыратына байланысты болады. Бұл жағдайда қытайлық көшбасшылардың тәжірибесін зерделеу маңызды, ал этносаясатты оңтайландыру мен ұлттық бірегейлікті нығайтудың қытайлық моделін қолдану бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды дайындау барысында өз елінің жағдайлары мен ерекшеліктерін ескеру қажет. Ұлттық бірегейлік мәселесіне тап болған мемлекет үшін оның ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мақсатында қолданатын нақты әдістері, жолдары мен саясаты көбіне сол елдің тарихымен, мәдениетімен, дәстүрімен, ұлтаралық қатынастар және идеологиясымен терең байланысты болады.

Айта кету керек, бұл мәселені отандық ғылымда қарастыруға талпыныстар жасалғанымен, аталмыш тақырып бірінші рет жан-жақты және кешенді түрде қарастырылып отыр, бұл да зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Зерттеу жұмысының нысаны мен пәні.

Зерттеу нысаны - әлеуметтік-мәдени шындық ретіндегі қытайдың ұлттық бірегейлігі. Зерттеу пәні - жаһандану жағдайындағы «қытайлық ұлттық бірегейліктің» қалыптасу ерекшеліктері, сондай-ақ Қытай ұстанған этносаясат пен әлеуметтік тәжірибе.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Бұл диссертациялық жұмыстың мақсаты - қытайлық ұлттық бірегейліктің қалыптасуына, дамуына және қазіргі жағдайына әсер еткен ұлт туралы негізгі теориялар мен тарихи оқиғаларды жан-жақты зерттеу мен қазіргі қытай қоғамының ұлттық бірегейлігін зерделеу, сонымен қатар «қытай ұлты» және «қытайлық арман» идеологиялық тұжырымдамаларына талдау жасау.

Зерттеу мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылып, өз шешімдерін тапты:

1. батыс, орыс және қытай ғалымдарының ұлт пен ұлттық бірегейлік туралы теориялары мен тұжырымдамаларын қарастыру;
2. қытайлық бірегейлікті қалыптастыру теориясы мен әдіснамасының тұжырымдамалық негіздеріне сипаттама беру;
3. жаһандану жағдайында қытайлықтардың ұлттық өзіндік сана-сезімін қалыптастыру факторларын зерттеу негізінде қазіргі Қытайдың әлеуметтік дамуындағы дәстүрлі және заманауи тұстарын анықтау;
4. мектеп оқулықтарын реформалау және оның қазіргі қытай жастарының ұлттық болмысына әсері туралы қоғамдық пікірді анықтау;
5. модернизация үдерісі барысындағы қытайлықтардың ұлттық психологиясының, мінезі мен менталитетінің ерекшеліктерін қарастыру;
6. қазіргі Қытайдың мәдени бірегейлігінің негізі ретінде мәдени ұлтшылдық идеологиясының рөліне баға беру;
7. Си Цзиньпиннің «қытайлық арман» мен ұлттық бірегейлік идеясының даму барысын зерттеу;
8. «қытай ұлты» (чжунхуа миңцзу) доктринасы шеңберінде Қытайдың этносаясатына талдау жасау;
9. Қытайдағы қазіргі экономикалық, саяси және әлеуметтік-мәдени жағдайды бағалау және оның жаһандану жағдайында даму перспективаларын анықтау.

Теоретикалық және әдіснамалық негізі

Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес талдау, жинақтау, жүйелеу, индукция және абстракция әдістері қолданылды:

Зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес талдау, жинақтау, жүйелеу, индукция және абстракция әдістері қолданылды, сонымен қатар жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтаудағы білім беру жүйесінің, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары және ҚХР этносаясатының рөлі қарастырылып, олардың көп жағдайда осы мәселені шешуде тиімділігі расталды.

Үш негізгі мектеп - примордиализм, модернизм және этносимволизм зерттеушілері ұсынған ұлт пен ұлтшылдық тұжырымдамалары мен теорияларына талдау жасай келе, олар ұлттық бірегейліктің табиғатын теориялық тұрғыдан бағалайтындығы анықталды. Көптеген авторлар қолданыстағы әдебиетте қарастырған «құрылыс бөлшектері» негізінде ұлттық бірегейлік аспектілері бөлектеліп, талқыланды. Батыс, орыс және қытай ғалымдарының тұжырымдамалары мен теориялары жоғарыда аталған теориялық мектептер бойынша жіктелді.

Синологтардың еңбектерінен алынған мәліметтер негізінде қытайлық бірегейліктің тұжырымдамалық негіздеріне келесі мәселелер бойынша талдаулар жасалынды: Қытайдың ұлттық сипаты; жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау үшін білім беру саласындағы дәстүрлер мен инновацияларды синтездеудегі Қытайдың тәжірибесі; ҚХР Президентінің ұлттық бірегейлікке қатысты идеялары; сонымен қатар, қазіргі кездегі ҚКП жүргізіп отырған этносаясат.

Сауалнама әдісі арқылы салыстырмалы түрде сенімді деректерді алу мүмкіндігі жоғары. Қазіргі жас ұрпақтың «қытайлық бірегейлігін» қалыптастыру жайлы сапалы деректер жинау мақсатында осы зерттеу аясында Ланьчжоудағы (ҚХР) мектеп мұғалімдері мен мектеп оқушыларының ата-аналары арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижелері үш негізгі курстардағы оқулықтардың мазмұнына, сондай-ақ тиімділігіне қатысты қоғамдық пікірді анықтауға көмектесті, олар – «Адамгершілік және заңдылық» (道德与法治), «Қытай тарихы» (中国历史) және «Қытай тілі мен әдебиеті» (语文). Бұл курстар «Ұлттық орта және ұзақ мерзімді реформалар мен білім беруді дамыту жоспарына (2010–2020)» сай патриотизмді, әлеуметтік жауапкершілікті және ұлттық бірлікті тәрбиелеу мақсатында реформаға ұшыраған. Сұрақтар оқулық мазмұнын жаңарту мектеп оқушыларының елдің саяси бағыты, азаматтық қоғамы және олардың жеке басына қатысты мінез-құлқы мен ойлауына қалай әсер еткенін түсінетіндей етіп құрастырылды.

Жүргізілген талдаулар нәтижесінде алынған мәліметтер жинақталып, жүйеленді және абстракция әдісі арқылы зерттеуде қытай ұлттық бірегейлігін сақтау мен нығайту үшін тарихи, мәдени, саяси және экономикалық факторлардың рөлін айқындау көзделді.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары:

1. жаһанданумен байланысты орын алатын өзгерістер «ұлттық бірегейлікті» елеусіз қалдырмайды, керісінше оған қарсы тұрып, мемлекеттердің саяси шараларын күшейтуге ықпал етеді. Қазіргі заманғы парадигма жағдайында, ғаламдық үдерістердің басты ойыншыларының бірі ретінде, қытайлықтардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы туралы зерттеу, жаһандану мен ұлтшылдықтың, сонымен қатар модернизация мен дәстүршілдік сияқты дихотомиялық тенденциялардың қатар өмір сүру мүмкіндігін дәлелдеді. Қытайдың ұлттық бірегейлігінің негізінде, ХХ ғасырдың басында Қытайдың батыстық империализмге қарсы тұруы және қытай ұлтшылдығының пайда болуы кезінде қалыптасқан, қорлау мен мақтанш сезімдері, сондай-ақ «Қытай ұлтын» қайта жаңғырту жайлы «қытай арманының» алғышарттары жатыр.

2. қытайлық ұлттық қауымдастықтың қоғамдық сана-сезімі ұлт дамуының қажетті алғышарттары ретінде дәстүр мен заманауилықты қабылдамау және қабылдау кезеңдерінен өтті. Егер ХХ ғасырдың басында батыстың даму моделі еліктеу мен модернизациялаудың үлгісі болса, ХХ ғасырдың аяғынан бастап қытайландыру мен қытайлық даму жолы қайта өрлеуді бастан кешірді, дәстүрлі қытай мәдениетінің символы ретінде конфуцийлік құндылықтар жүйесі танымал бола бастады.

3. бұқаралық ақпарат құралдары, ұлттық мерекелер мен білім беру жүйесі арқылы жалпы тарихты, дәстүрлі қытай мәдениетін, символизмді және стандартты тілді ұлттың «мәдени кодының» атрибуттары ретінде насихаттау және дәріптеу, қазіргі заманғы қытайлардың әлеуметтік даму бағыты мен

құндылық бағдарын айқындайды. Ал модернизация мен урбанизацияның жедел қарқыны әртүрлі этникалық топтардың қалаларға қоныс аударуы, мәдени алмасу, бір-бірімен қарым-қатынаста ортақ тілді қолдану, сонымен қатар экономикалық тиімділікке ұмтылу арқылы ортақ сәйкестікті құруға ықпал етеді.

4. жаһандану және модернизация үдерісі барасында қытай ұлттық психологиясы гибридтік сипатқа ие болып, келесі үйлесімдерден көрініс тапты, олар: конфуцийлік отбасы мен тұлғааралық дәстүрлердің қазіргі индивидуализм мен гедонизммен үйлесімділігі, «ашықтық, ұтқырлық, бәсекелестік, кәсіпкерлік, толеранттылық және бейбітшілікке ұмтылыс» пен «материалдыққа құмарлық, ақшаға табыну, дәрменсіздік, немқұрайлылық, адалдықтың болмауы, байларды жек көру және байлықты мақтана көрсетудің» қатар жүруі.

5. 1990 жылдардан бастап мәдени ұлтшылдық қазіргі Қытайдағы ең күшті идеологиялық үдерістердің біріне айналды. Ұлттық бірегейлік дағдарысы кезінде, Қытай мәдениетті батыссыздандыру мақсатындағы «жұмсақ күш» ретінде пайдаланып, басым хань мәдениетін негізге ала отырып, қытай құндылықтарын таратуды таңдады.

6. қазіргі Қытайдың этносаясаты аз ұлттардың біртұтас «қытай ұлтына» сіңуі мен интеграциялануын жеделдетуге бағытталған, оның себептерінің бірі мерейтойлық даталардың жақындауы мен олармен байланысты «екі ғасыр мақсаттары» болды. «Терроризмге қарсы жаңа заң» (2015 ж. желтоқсан), «деэкстремизация» туралы қаулы (2017 ж. наурыз), дін мәселелерін реттейтін ережелерді қайта қарау (2017 ж. қыркүйек) және 2017 жылдан бастап қайта тәрбиелеу лагерлерінің ауқымды құрылысы – Қытайдың мәселені шешуде, дін сияқты сыртқы идеологияны жоюда қытайлық коммунистік әдісті қолдануға ұмтылатынын көрсетті.

7. қазіргі кезеңде Қытай, әлемдік дамуға өз үлесін қоса отырып, экономикалық дамудың шыңында тұр және халықаралық қатынастарда жетекші рөл атқарады. Осыған қарамастан, елдегі өткір экологиялық, демографиялық, әлеуметтік, этникалық және басқа проблемалар «қытай арманын» жүзеге асырудың еңсерілмейтін кедергісі ғана емес, сонымен қатар, жалпы алғанда ҚХР-дың дамуы және мемлекет тұтастығының қауіпсіздігі үшін маңызды факторға айналып отыр.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі.

Диссертациялық зерттеуде ұсынылған әрбір ғылыми нәтиже белгілі бір дәрежеде жаңашылдыққа ие және оны төмендегідей сипаттауға болады:

Бірінші нәтиже - бұл жаңа, өйткені диссертант қытай қоғамының өмірінде жаһандану мен ұлтшылдықтың үйлесімді болуы фактілерін дәлелді түрде келтірілген.

Екінші нәтиже – бұл жаңа, өйткені ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың тұжырымдамалары мен әдістемесін кешенді талдау негізінде Қытайдың әлеуметтік және саяси тәжірибесінде батыстық құндылықтардан ауытқу мен ұлттық дискурсты күшейту тенденциясы анық байқалады.

Үшінші нәтиже - бұл жаңа, өйткені ол диссертанттың алғаш рет жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесінде алынған.

Төртінші нәтиже – бұл жаңа, өйткені қытай қоғамына жүргізілген пәнаралық талдау негізінде жаһандану мен модернизация үдерістерінің нәтижесінде ұлттық психологияға тән ерекшеліктер мен ондағы өзгерістер анықталды.

Бесінші нәтиже – бұл жаңа, өйткені диссертант қытайлық өзін-өзі танудың де-вестернизация үдерісін көрсеткен және қазіргі қытайлықтардың ұлттық бірегейлігін жаңғырту мен сақтауда мәдени ұлтшылдықтың тиімділігін айқындаған.

Алтыншы нәтиже – бұл жаңа, өйткені автономиялы аймақтардағы Қытай этносаясаты туралы жаңа деректер отандық ғылыми айналымға енгізілді.

Жетінші нәтиже – бұл жаңа, себебі диссертацияда ізденуші Қытайдың ішкі және сыртқы саясатына «қытай арманы» шеңберінде жан-жақты талдау жасайды, сонымен қатар этникалық мәселелер және жалпы Қытайдың дамуына қатысты ғалымдардың пікірлері мен идеяларын саралаған.

Диссертация тақырыбының ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе Қазақстан Республикасында іске асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Диссертация тақырыбы «М.Ел – «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдағы білім, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» стратегиясының негізгі ережелеріне сәйкес келеді. Көпұлтты мемлекеттің ұлттық бірегейлігі саласындағы зерттеулер ұлт бірлігін сақтау мен нығайту теориясы мен практикасына үлес қосады.

Докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесі:

Диссертациялық жұмыстың негізгі материалдары ғылыми мерзімді басылымдар мен жинақтарда 8 ғылыми мақала түрінде жарияланды. Докторант жарияланымдарды дайындау кезінде өз бетінше деректерді жинау мен талдауды, мәтінді дайындау мен қайта қарауды, компьютерлік өңдеуді жүзеге асырды.